

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК жұмыскерлерімен «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт және қызмет барысында мүдделерін қақтығысын реттеу» тақырыбы бойынша жиналыс хаттамасы №3

08.09.2023 жыл

Маңғыстау ауылы

Төрағалық етуші: Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) директоры Ж.Е. Досжанова

Қатысқандар:

Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы С.А. Калиев

- Кәсіпорынның барлық құрылымдық бөліністерінің басшылары және аға медбикелері;

- Кәсіпорынның әкімшілік-басқару персоналының қызметкерлері.

Хатшы: Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің комплаенс-офицері К.Д. Кушимова

Күн тәртібі:

1. Кәсіпорын жұмыскерлерімен қызмет барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт және қызмет барысында мүдделерін қақтығысын реттеу мәселелері.

Жиналыс барысында Кәсіпорынның Байқау кеңесінің жанынан құрылған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы С.А. Калиевпен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңның ережелері жиналыс қатысушыларына түсіндірілген. Жиналыс барысында Кәсіпорын басшысының шешіміне сәйкес Кәсіпорынның қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу аяқталғанын және ішкі талдау қорытындысына сәйкес Кәсіпорынның қызметінде 7 тәуекелдік анықталғаны баяндалған. Мысалы, ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде дәрілік заттарды сатып алумен байланысты 2 тәуекелдік, қаржы-шаруышылық қызметінде 2 тәуекелдік және кадрлық мәселелер бойынша 3 тәуекелдік анықталған. Жиналыс қатысушыларына аталған тәуекелдіктерді өз деңгейінде қызметін ұйымдастыру барысында ескеру қажет екені және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл турылы заңнама талаптары қатаң сақталу қажет екені ескертілді.

Сонымен қатар, жиналысқа қатысушыларға өз қызметі барысында сыбайлас жемқорлықтың белгілері бар жайттармен және мүдделер қықтығыстарымен кездескен жағдайда дереу Кәсіпорын басшысына және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне хабарлау қажет екені, ал

кейбір жағдайларда аталған жауапты тұлғаларға тікелей телефонына хабарлауға болатыны айтылған.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндама қатысушыларға жеткізілген соң, Кәсіпорын директорымен қолданыстағы сыбайлас жемқорлық туралы заңнамасының талаптары қатаң сақтау, қызмет барысында мемлекет пен қоғам мүдделеріне қарсы келетін сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және өздерінің қарамағындағы жұмыскерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылған және Кәсіпорынның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне алдындағы жиналыс барысында берілген тапсырманы дереу орындау және әзірленген ішкі құжаттармен Кәсіпорынның барлық жұмыскерлерін таныстыру тапсырылған.

Шешімі:

1. Кәсіпорынның әкімшілік басқару персонал қызметкерлері мен құрылымдық бөліністерінің басшыларына сыбайлас жемқорлық туралы заңнамасының талаптары қатаң сақтау мен сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу міндеттелсін.
2. Қызмет барысында сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылық орын алғаны туралы дереу Кәсіпорын басшылығына және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне баяндау міндеттелсін.
3. Қызмет барысында жиналыс барысында ұсынылған ішкі талдау қорытындысы ескерілсін.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне осы саладағы халықаралық стандарттарына сәйкес өзге тиісті құжаттардың жобаларын, яғни мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереже, сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы нұсқаулығы мен стандарты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты сияқты ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстар тез арада аяқталып, Кәсіпорынның барлық жұмыскерлері таныстырылсын.

Төрағалық етуші:



Ж.Е. Досжанова

Хатшы:

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to the secretary.

Кушимова К.Д.